

БҚО білім басқармасы
басшысының 2024 жылғы
«03» 05 №562
бұйрығымен бекітілді

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

«Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: білім басқармасының қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.
2. «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - басқарма) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттын әзірлеушінің атауы.
3. Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлқы (іс-әрекеті) ережелері.
 - 3.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру кезінде:
 - 1) заңдылық қағидаттарын, Конституция, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық акттілерінің талаптарын басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;
 - 2) мүдделер қақтығысы тұындауының кез келген ықтимал жағдайларына жол бермеу жөнінде шаралар алу;
 - 3) жеке және заңды тұлғалардың өздерінің құқықтары мен мүдделерін іске асыруына кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;
 - 4) өзінің лауазымдық өкілеттіліктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерін жеке мүліктік және мүліктік емес игіліктер алу үшін пайдаланбау;
 - 5) жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерін салу, қойылған міндеттерді шешу үшін оңтайлы, ұтымды және өзге де жетік тәсілдерді қолдану;
 - 6) қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіби деңгейін және біліктілігін ұдайы арттыру;
 - 7) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде қызметтік бабын асыра пайдалануға, заңсыз төрешілдік және сөзбұйдаға салу, сондай-ақ дөрекілік коріністеріне жол бермеу;

- 8) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету;
- 9) әріптестерінен жоғары құқықтық және сабайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;

3.2.Өз құзыры шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;
- 2) құпиялыштықты сақтау, қызметтік және мемлекеттік құпияларды қамтамасыз ету;
- 3) кәсіби (қызметтік) әдепті сақтау;
- 4) басқа тұлғалардың оны сыйбайлас құқық бұзушылық жасауға итермелеу жағдайлары туралы жазбаша түрде басқарма басшысына, үәкілетті мемлекеттік органдарға дереу хабарлау;
- 5) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтау, берілген өкілеттіліктерді тиімді қолдану, өзінің лауазымдық міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқару, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалану;
- 6) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде жеке және заңды тұлғаларға артықшылықтар көрсетпей, олардың ықпалынан тәуелсіз болу;
- 7) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік бабын пайдаланбау;
- 8) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе қолдаудан, сондай-ақ олардың атынан іс-қимылдар жасаудан аулақ болу;
- 9) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне зансыз араласуды жүзеге асырмау;
- 10) әріптестері мен басшыларға өзара қарым-қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын (олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына ықпал ететін) өтінімдер жасаудан аулақ болу.

3.3. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

- 1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, сараптамалық қорытынды алу үшін міндетті түрде түсіндірме жазбаны қоса бере отырып, соның ішінде аталған жобаны кейін мүдделі мемлекеттік органдармен әрбір келісу барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жолдау;

- 2) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, оларды сараптау кеңесі отырысында қарағанға дейін, интернет-ресурстарды қоса, бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялау.

3.4. Қызмет саласының ерекшелігіне қарай туындайтын өзге де қарым-қатынастар кезінде:

- 1) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, олардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаруа, олар бойынша қажетті шаралар алу;

2) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;

3) басшылардың тапсырмаларын орындау кезінде тек объективті және шынайы мәліметтерді ұсыну;

4) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, меншікті ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта ғана пайдалану;

5) ұжымда іскерлік өзара қарым-қатынасты және сындарды ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал ету;

6) өзіне мәлім болған сыйбайлас құқық бұзушылықтар туралы басқарма басшысына, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үекілетті органға дереу хабарлау.

4. Өзге де шектеулер мен тыйымдар:

1) Конституцияны және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заннама талаптарын сақтау;

2) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген шектеулерді сақтау;

3) Басқарма басшысының лауазымдық өкілеттілітері шегінде шығарған бұйрықтарын орындау;

4) әріптерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар тарту етпеу;

5) қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамау;

6) басқа тұлғаларды сыйбайлас құқық бұзушылық жасауға итермелемеу;

7) таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында пайдаланбау.